




ТҮСІНІК ХАТ

Есбол орта мектебінің 2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа ала отырып құрылды.

Тәрбие жұмысы 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздеріне сәйкес сегіз негізгі бағыттар бойынша жүзеге асырылады:

- 1. Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтықты тәрбиелеу, құқықтық тәрбие;**
- 2. Рухани-танымдық тәрбие;**
- 3. Ұлттық тәрбие;**
- 4. Отбасылық тәрбие;**
- 5. Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие;**
- 6. Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу;**
- 7. Көпмәдениеттілік және көркем-эстеттикалық тәрбие;**
- 8. Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты.**

Тәрбие жұмысының жоспары Тәрбие тұжырымдамасының 8 (сегіз) бағытын «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының жеті құндылығымен ұштастыра отырып жүзеге асырылады.

Сонымен қатар 2021-2022 оқу жылының жоспарын жасау барысында 2021-2022 оқу жылына арналған «Әдістемелік нұсқау хатында» көрсетілген атаулы даталарды, ұсынылған жобаларды басшылыққа алып, еріктілер тобының жұмысын енгізіп, туған өлкенің қасиетті жерлеріне

саяхаттар енгізіліп, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы «15» сәуірдегі №145 бұйрығымен әзірленген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негізінде жасалған «Өркендеу» жобасы негізінде «Әкелер», «Аналар», «Әжелер» қауымдастығы құрылып, «Қоғамға қызмет ету», «Оқуға құштар мектеп», «Дебат»қозғалысы, «Театр»сабақтары жобалары жұмыс жоспарына енгізілді.

Негізгі басым бағыттарға қоса оқушы өмірінің қауіпсіздігі, балалар мен жасөспірімдердің теріс діни ағымдарға тартылуының алдын алу, балалар мен жасөспірімдер бойында позитивті өмірлік ұстаным қалыптастыру, кәмелетке толмағандар арасында құқықбұзушылықтың және қылмыстың алдын алу, оқушылардың өзін-өзі басқару органы мен жұмысын ұйымдастыру, оқушылардың жазғы еңбек практикасын және сауықтыру демалысын ұйымдастыру, тәрбие жұмысын ұйымдастыру бойынша сынып жетекшілерімен әдістемелік жұмыс, тәрбие жұмысын бақылау, тәрбие жұмысы жүйесінің мониторингілеу жұмыстары жоспарланды.

Тәрбиенің мақсаттары мен тәрбие жұмысының міндеттері білім беру процесінде, сабақтан тыс және бос уақытта жүзеге асады.

Тәрбие жұмысының негізгі мақсаты:

Мектеп жасына дейінгі балалардың және білім алушылардың Қазақстан Республикасының азаматтары және патриоттары ретінде қалыптасуы мен өз-өздерін танытуларына, әлеуметтенуіне, болашақ мамандық иесі болып, кәсіби, интеллектуалды және әлеуметтік шығармашылыққа жетуіне оңтайлы жағдай жасау.

Тәрбие жұмысының негізгі міндеттері:

1. 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясындағы тәрбиенің Тұжырымдамалық негіздерінде көрсетілген бағыттар бойынша жұмыстарды, «Мәңгілік ел» құндылықтарымен ұштастыра отырып жұмыстану;
2. Волонтерлік топтар құрып, жұмысын жандандыру;
3. «Әкелер», «Аналар» қауымдастығы жұмыстарын дамыту. Адамгершілік түсінік арқылы қоғамдық мораль және мінез-құлық нормаларын меңгерту;
4. Мектептегі қоғамдық негіздерді үйірме жұмыстарын дамыта отырып, оқушыларға әртүрлі көркемөнер әрекеттері түрімен тікелей таныстыру арқылы ондағы қажеттілікті қалыптастыру. Баланың таным қызығушылығын дамыту, бір жағдайда, ол оқыту процесіне жұмыс істесе, екінші жағдайда, балаға тәрбиелік ықпалын күшейту;
5. Құқық қорғау органдарымен, қалалық аурухана қызметкерлерімен, СӨС насихаттау басқармасының қызметкерлерімен, ТЖ мекемелерімен және мемлекеттік емес мекемелермен байланыс орната отырып, денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, жан-жақты дамыған тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал етету;

I. Тәрбиені нормативтік құқықтық қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес оқу-тәрбие жүйесі білім берудің барлық деңгейлерінде бірыңғай идеологиялық және құндылықтар тәсілдеріне құрылады. Тәрбие жұмыстары барлық ынталы тараптар: отбасы, білім беру ұйымдары, қоғамның кең ауқымда қатысуымен кешенді түрде жүргізілуі тиіс.

Тәрбие жұмыстарын ұйымдастырудың нормативті-құқықтық базасы келесідей құжаттарға сәйкес жүргізіледі:

- 1) «Бала құқығы туралы» БҰҰ Конвенциясы;
- 2) Қазақстан Республикасының Конституциясы (1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданған. 2011. 02. 02. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);
- 3) «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 26 желтоқсандағы №518-ІҮ Кодексі (2014. 17.11. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);
- 4) «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345-ІІ Заңы (2014.29.12. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);
- 5) «Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 4 желтоқсандағы № 214-ІV Заңы;
- 6) «Балаларды денсаулығы мен дамуына зардабын тигізетін ақпараттан қорғау туралы» Қазақстан Республикасының 2018 жылғы 02 шілдедегі №169-ІІІ Заңы
- 7) Қазақстан республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі №591 «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылардың профилактикасы мен балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы»
- 8) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-ІІІ Заңы (2015.13.01. берілген өзгертулер мен толықтыруларымен);
- 9) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген 2019-2024 жылдарға арналған «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында тәрбиенің «Тұжырымдамалық негіздерін» іске асыру;
- 10)-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі №227 бұйрығымен бекітілген «Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері»;
- 11) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 1 қазандағы №525 бұйрығымен бекітілген, Қазақстан Республикасында өлкетануды дамытудың Тұжырымдамалық негіздері;
- 12) «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасының басты бағыттары;
 - «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласының маңыздылығын арттыру;
 - «Ұлан-ғайыр елімді мен танығым келеді» жобасы (2019-2020жыл)
- 13) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы №988 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;
- 14) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі №145 бұйрығымен бекітілген «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері.
- 15) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы 15-қосымша
- 16) Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 26 желтоқсандағы № 986 Жарлығымен бекітілген. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі

Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызмет істері және жемқорлыққа қарсы күрес Агенттігі әзірлеген Рухани адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеу контекстінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті мектеп ортасында қалыптастыру бағдарламасы;

17) Қазақстан Республикасының Ішкі Істер министрлігі әзірлеген «Полицияның жас көмекшілері» жасақтар қызметі бойынша әдістемелік ұсынымдар.

18) Атырау облысы Білім беру басқармасының 2015 жылғы 10 тамыздағы №230 бұйрығымен бекітілген «Білім беру ұйымдарында қауіпсіздік ортаны қамтамасыз ету туралы Ережесі»;

19) Атырау облысы Білім беру басқармасының 2015 жылғы 25 тамыздағы № 241 «Жалпы орта білім беретін ұйымдары жанындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу бойынша алқалы кеңестерін құру туралы» бұйрығы

20) «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 11 қазандағы № 483-IV Заңы;

21) Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығы 15-қосымша

Негізгі жұмыс бағыттары	Іс-шаралар	Жауаптылар	Орындау мерзімдері
1	2	3	4
Қыркүйек			
Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Қош келдің ӘЛІППЕ !» салтанатты жиын .(1 сынып бүлдіршіндеріне арналған) «Тәуелсіздік жетістіктері» танымдық сабақ (2-11 сынып)	Сынып жетекшілер	01.09.20
Рухани –танымдық тәрбие	Акция: «Мектепке жол»	Әлеуметтік педагог А.Төреғалиева	1.09.2021
Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	Қауіпсіз орта / «Электр қауіптілігінің алдын алу» апталық Еңбек ардагерімен кездесу	Г.Меңдіғалиева	13.09-17.09.2021
Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Буллинг пен кибербуллинг» Киберқауіпсіздік тұжырамдамасымен таныстыру	С.Қоржықбаева	8.09.2021
Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне орай «Сен туған Қазақстанныңды білесің бе?» /оқырмандар сайысы/	Ш.Сабырбаева	12.09.2021
Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	«Білгірлер» зияткерлік сайыс	Д.Беріков	20.09.2021
Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	«Мектепке оқуға бейімдеу»	Э.Саликова	20.09.2021
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	Акция «Мектепке гүл сыйлаймын»	Г.Мендигалиева	20.09-30.09
Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Мемлекеттік рәміздерді білеміз бе?»	М.Темірханова	21.09.2021
Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие	Ә.Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» кітабын талдау	Ж.Сатқанбай	23.09.2021

Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	Еңбек ардагерлерімен кездесу: «Еңбек ырыстың бұлағы, еңбек бақыттың шырағы» қолөнер шебері А.Рахимовамен кездесу	Қызғалдық қыздар ұйымының жетекшісі Г.Батырғалиева	28.09.2021
Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие	«Ашуыңызды тежей білесіз бе?» психологпен кездесу	Мектеп психологі Э.Саликова Сынып жетекші Р.Қыдырқызы	29.09.2021
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Бәрі еңбектен басталады, мамандық оның негізі»	С.Қоржықбаева	29.09.2021

Қазан айы

Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие	«Қарттарым асыл қазынам»	Әлеуметтік педагог А.Төреғалиева	1.10.2021
Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	«Өзің оқы, өзгеге табыс ет» кітап оқу	Ш.Сабырбаева	1.10.2021
Ұлттық тәрбие	«Жалын» дебат клубы «Тіл-асыл қазына»	Л.Нұрғалиева	7.10.2021
Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	«Ұлылықтың басында ұстаз тұрар»	Тәлімгер Ф.Тюрина	4.10.2021
Көпмәдениетті және көркемэстетикалық тәрбие	«Ауыз әдебиетінің үлгілері » білім сайысы	С.Қоржықбаева	6.10.2021
Жаңа Қазақстандық патриотизм жәнеазаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Кибирбуллинг: баалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз» / тимбилдинг	Мектеп психологі Э.Саликова	07.10.2021
Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие	«Парасат жолы –адалдыққа бастар жол» /сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімімен кездесу	Ш.Сабырбаева	8.10.2021
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Мамандық таңдау –маңызды іс» тренинг	С.Қоржықбаева	13.10.2021

Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Өрқашан жақынына жәрдемші бол» зорлық зомбылыққа қарсы қарым – қатынас ережесі	Л.Нұрғалиева	21.10.2021
Рухани – танымдық адамгершілік тәрбие	Қазақ жазушысы Зейнолла Қабдоловқа 95 жыл толуына орай «Сұлу сөздің сардары» библиографиялық шолу	Кітапханашы Ш.Сабырбаева	21.10.2021
Отбасы тәрбиесі	«Қыз бала. Қоғам. Отбасы» дөңгелек үстел	Қыз балалар ұйымының жетекшісі Г.Батырғалиева	21.10.2021
Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	Олардың өмірі - үлгі. Мен ұқсағым келетін адамдар. «Полианна» кинофильміндегі айтылған ойды талқылау, пікір алмасу	Ж.Сатқанбай	25.10.2021
Ұлттық тәрбие	«Салт дәстүріңді білесің бе?» дөңгелек үстел	А.Хамзағали	27.10.2021
Рухани – танымдық адамгершілік тәрбие	«Әдептілік – адамгершілік бастауы» апталық	Г.Мендіғалиева Сынып жетекшілер	27.10-1.11
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Жігітке жеті өнер де аз» спорттық сайыс	АӘТД пәні мұғалімі Ә.Қуанышов	28.10.2021
Қараша			
Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	Қазақтың атақты биі Сырым Датұлына 305 жыл толуына орай «Азаттық туын алғаш көтеген айбынды батыр» танымдық шара	Кітапханашы Ш.Сабырбаева	2.11.2021
Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Мемлекеттік рәміздер – елімнің мақтанышы» ақпараттық сағат	А.Хамзағали	10.11.2021
Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Азаттықты аңсаған - алдаспан» тәрбиелік шара	Тарих пәні мұғалімі Г.Тұрғанбаева	11.11.2021
Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	«Королевство иностранных языков» шет тілдер апталығы	Ж.Сатқанбай А.Хамзағали Ш.Сабырбаева	15.11-22.11.2021
Ұлттық тәрбие	«Теңге - тәуелсіздік нышаны» танымдық шара	Н.Слеумұханова	15.11.2021
Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Тәуелсіздік - елімнің ерлік жолы»	Г.Мендіғалиева Г.Тұрғанбаева	22.11.-15.12.2021

Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие	Волонтерлік: «Қарттарым –асыл қазынам»	Тәлімгер Ф.Тюрина Сынып жетекшісі А.Хасанова	17.11.2021
Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие	Ыбырай Алтырсариннің туғанына 180 жыл толуына орай «Ыбырай Алтынсарин- ұлы тұлға »	С.Қоржықбаева	17.11.21
Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие	23 қараша жалпыадамзаттық құндылықтар күніне орай «Сүйіспеншілік адамның басты қасиеті- ақиқат оның негізі, дұрыс әрекет оның шынғайы өмірі» өнеге сағаты	Өзін-өзі тану пәні мұғалімі Г.Батырғалиева	23.11.2021
Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Құқығын білген қор болмас»	Ж.Сатқанбай	25.11.2021
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	Қазақстанның Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерейтойына орай шахматтан «Ой зерек » сайысы	Е.Жексенқұлов	26.11.2021
Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Ел басқарған кемеңгер- тұңғыш Елбасы» тәрбиелік шара	Н.Слеумұханова	29.11.2021
Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Қылмыс және жасөсірім»	Л.Нұрғалиева	30.11.2021

Желтоқсан

Ұлттық тәрбие	«Ұлттық тәрбие ұлағат көзі»	Р.Қыдырқызы	3.12.2021
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Темекі –зиянды зат» танымдық шарасы	Д.Беріков	8.12.2021
Көпмәдениетті және көркемәстетикалық тәрбие	«Үлгі тұтар ардақтылар» ардагер ұстаздармен кездесу	Г.Меңдіғалиева Ф.Тюрина	9.12.2021
Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Ұлы дала мұрагерлері » өнеге сағаты	Н.Төребаева	13.12.2021

Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Жас ұрпақ елдің қорғаны» әскери-патриоттық сайыс	АӘДТ пәні мұғалімі Ә.Қуанышов	15.12.2021
Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Сенің сыбайлас жемқорлыққа ЖОЛ ЖОҚ дегеніңнің маңызы зор»	Ж.Сатқанбай	15.12.2021
Ұлттық тәрбие	«Ұлттық код, ұлттық тәлім-тәрбие»	А.Хамзағали	22.12.2021
Отбасы тәрбиесі	«Отбасы-тәрбие бастауы»	А.Иманкулова	22.12.2021
Рухани – танымдық адамгершілік тәрбие	«Адал friends» адалдық сағаты	Л.Нұрғалиева	29.12.2021
Қантар			
Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Мен және Заң» акция	Г.Мендіғалиева	17.01-21.01.2022
Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Зорлық зомбылыққа жол жоқ» апталық	Мектеп психологі Ә.Саликова	24.01-27.01.2022
Рухани – танымдық адамгершілік тәрбие	«Қарттарым – асыл қазынам»	Хамзағали Айғаным	26.01.2021
Ақпан			
Рухани – танымдық адамгершілік тәрбие	«Әдептілік адам көркі» өнеге сағаты	Н.Төребаева	2.02.2022
Рухани – танымдық адамгершілік тәрбие	«Діни білім – тәрбие бастауы»	Г.Тұрғанбаева	4.02.2022
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Сақтан-жаман әдеттен» нашақорлықтан сақтану	Г.Мендигалиева Г.Нұрымова	4-5.02.2022
Отбасы тәрбиесі	«Тәрбиенің бастауы-ата-ана» дөңгелек үстел	Ата-аналар кеңесінің төрайымы А.Есенаманова	7.02.2022

Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Адалдық жүрген жерде, адамдық жүреді»	А.Хамзағали	8.02.2022
Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Туған өлкенің көрікті жерлерінен, Қазақстанның киелі жерлерін »	С.Қоржықбаева	9.02.2022
Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие	«Қамқорлық қайырымды іс» қамқорлық акциясы	Әлеуметтік педагог А.Төреғалиева	10.02.2022
Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Жағдайың қалай жасөспірім» кеңес беру	Мектеп психологі Э.Саликова	14.10.2022
Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	<u>15 ақпан - Кеңес әскерінің Ауғаныстаннан шығарылған күні(кездесу)</u> «Ер есімі – ел есінде» ерлік сабақтары	АӨТД пәні мұғалімі Ә.Қуанышов	15.02.2022
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Біз денсаулықты қолдаймыз!» отбасылық байқауы	Тәлімгер Ф.Тюрина Дене шынықтыру пәні мұғалімі Е.Жексенқұлов	16.02.2022
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Қазақ халқының бұлбұлы» Роза Бағланованың 100 жыл толуына орай	Кітапханашы Ш.Сабырбаева	17.02.2022
Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	«Өз тілің бірлік үшін, Өзге тіл тірлік үшін» 101 жұмбақ , 1001 мақал сайысы	Ж.Сатқанбай	18.02.2022
Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	«Ғаламторсыз бір күн» танымдық сағат	Н.Слеумұханова	21.02.2022
Рухани адамгершілік тәрбие	«Ақиық ақын –Мұқағали Мақатаевтың туғанына 90 жыл »	Л.Нұрғалиева	23.02.2022
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	Еңбегімен танылған ел ағалары	Р.Қыдырқызы	27.02.2022
Наурыз			
Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	«Жақсылықтар жаршысы » алғыс айту күні	Г.Меңдіғалиева Э.Саликова Сынып жетекшілер	1.03. 2022
Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Мамандықтар шеруі» кездесу	Мектеп психологі Э.Саликова	2.03.2022
Көпмәдениетті және көркем	«Аналар –асыл жандар»	А.Иманкулова	3.03.2022

эстетикалық тәрбие			
Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	«Қыз өмірдің гүлі» арулар сайысы	Г.Меңдіғалиева Г.Батырғалиева	7.03.2022
Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие	«Дін және дәстүр»дөнгелек үстел (9-сыныптар)	Г.Тұрғанбаева	9.03.2022
Ұлттық тәрбие	Ұлттық код: «Салт-дәстүрлер шеруі» 22 наурыз Ұлыстың Ұлы мерекесіне орай	Г.Меңдіғалиева сынып жетекшілер	10.03- 7.03.2022
Сәуір			
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	7 сәуір дүниежүзілік денсаулық сақтау күніне орай «Денсаулық- зор байлық» мектепшілік фестиваль	Г.Меңдіғалиева Сынып жетекшілер	7.04.2022
Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	«Ғарыш таңғажайыптары»12 сәуір Ғарышкерлер күніне арналған танымдық сабақтар мен байқаулар	С.Қоржықбаева А.Хасанова	12.04.2022
Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	«Айналаңа қара, ауыл өмірі»	Н.Төребаева	13.04.2022
Ұлттық тәрбие	«Ұлттық ойын- халық мұрасы»	А.Иманкулова	13.04.2022
Отбасылық тәрбие	«Отбасылық дәстүр» анти-кафе	Ж.Сатқанбай	14.04.2022
Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие	«Таза ауыл-денсаулық кепілі» сенбілік	Г.Меңдіғалиева Ф.Тюрина	15.04.2022
Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие	«Оқы және өзгеге ұсын» буккросинг	Кітапханашы Ш.Сабырбаева	18.04.2022
Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие	«Өзіңді-өзің тәрбиелеу –өмір талабы» тренинг	Мектеп психологі Э.Саликова	20.04.2022
Отбасы тәрбиесі	«Отбасы-адам тұлғасының бесігі» ата- аналармен шара	Ата-аналар кеңесінің жетекшісі А.Есенаманова	27.04.2021
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	«Қош келдің КӨКТЕМ! Құстарға қамқор болайық!»ұя жасау	Тәлімгер Ф.Тюрина	29.04.2022
Мамыр			
Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	«Бір шаңырақ астында» фестиваль	Г.Меңдіғалиева 1-11 сынып	1.05.2022

		жетекшілер	
Жаңа Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие	1.«Біз ешқашан ұмытпаймыз»Ұлы Жеңіс күніне орай көрме «Ерлік – ұрпаққа ұран» ашық тәрбие сағаттары <u>3.9 мамыр – Ұлы Жеңіс мейрамы</u> - «Отты жылдар шежіресі» салтанатты саптық жиын - «Жеңіс тойы, жаса мәңгі» тәрбие сағаттары - «Әрқашан күн сөнбесін» суреттер сайысы - «Ешкім де, ешнәрсе де ұмытылмайды» кітаптар көрме	Г.Меңдіғалиева Сынып жетекшілер	3.05.- 6.05.2022
Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие	«Қызға қырық үйден тиым» тренинг	Қыздар кеңесінің жетекшісі Г.Батырғалиева	11.05.2022
Отбасы тәрбиесі	«ЖҰЛДЫЗДЫ СӨТ»ата-аналарды марапаттау кеші	А.Есенаманова	12.05.2022
Интеллектуалды тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу	«XXI ғасыр көшбасышысы»	Г.Меңдіғалиева Ф.Тюрина	17.05.2022
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	«Толағай » отбасылық сайысы	Қ.Бертілеуов	19.05.2022
Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие	1 мамыр –Халықтар бірлігі күніне «Ынтымағы жарасқан» байқау	Тәлімгер Ф.Тюрина	мамыр
Көпмәдениетті және көркем эстетикалық тәрбие	1.1-мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні«Бірлігіміз жарасқан!»танымдық сабақтар 2. «Сыңғырла соңғы қоңырау!»салтанатты жиын	Мендигалиев а Тюрина Ф	мамыр
Зияткерлік тәрбие,ақпараттық мәдениетті қалыптастыру	1.«Ел ертеңі-бүгінгі жас ұландар»7-мамыр Отан қорғаушылардың күніне орай ерлік сағаты	Мектеп кітапханашылары	мамыр
Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты	1.Спорттық спартакиада (8-11 кластар аралығында	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері	мамыр

Есбол орта мектебі бойынша «Мектепке жол» жалпы Республикалық акциясы

«Мектепке жол» Республикалық қайырымдылық акциясы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің бастамасымен 2018 жылғы 1 тамыздан бастап 30 қыркүйекті қоса алған күн аралығында бүкіл ел бойынша өткізіледі. Акцияның мақсаты – оқу жылының алдындағы дайындық кезеңінде көп балалы және жағдайы төмен отбасынан шыққан балаларға, жетім балаларға және ата-анасының қамқорынан айырылған балаларға көмек көрсету.

Қазақтың жақсы қасиеттерінің асылы – жомарттық, кеңпейілділік. Ол адамға қызмет қылып, жақсылық жасауға пейілді жанға тән сипат. Жомарт болу – өзінде барды зәру адаммен шын жүректен бөлісу. Аялы алақанымызды, қол ұшымызды созып, қайырымдылық жасап, көмек қолын күткен әрбір жанның жүрегіне жылылық ұялатып, өмірге деген көзқарасын өзгерту-барлық азаматтың борышы.

Жыл сайын дәстүрлі түрде өткізілетін шараның кең көлемде өткізілуіне Есбол орта мектебі де тікелей ат салысты. Акция мақсатын алта тарта отырып, мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайларын зерттеу жұмыстары жүргізілді. Зерттеу барысында көп балалы, аз қамтылған, толық емес отбасы балаларын тізімге ала отырып, ондағы күн көрісі төмен отбасы балаларын көмекке мұқтаж отбасы баалаларын акция төңірегінде көмек беру көзделді. Есбол ауылдық округі, Есбол ауылы бойынша жеке кәсіпкерлерге және мекеме басшыларына сұраныс хат таратылды.

“Мектепке жол” акциясы негізінде мектебіміз бойынша 10 оқушыға спорттық киім, спорттық аяқ киім және оқу құралдар беріп, оқушыларымызбен ата-аналарымызды қуанттық. Акцияда көмек көрсеткен мекемелер мен жеке кәсіпкерлерімізге алғысымызды білдіреміз.

«Қайырымдылық жасасаң, қайырымын өзің көресің» - деген екен дана халқымыз. Қайырымдылық – халқымыздың ең ізгі қасиеттерінің бірі. «Жанашырлыққа - жан риза» дегендей жетім, қамқорлыққа алынған балалардың жанашыр қамқоршысы болып, аялы алақанын тосып, жүрек жылуын ұсыну, сауабы мол іске ат салысу әрбір адамның азаматтық парызы. Адам өміріндегі ең игі істерінің бірі-мұқтаж жандарға қамқорлық жасау. Қамқорлықты қажет ететін жандарға қол ұшын беру арқылы адам баласы жақсылыққа қадам бастайды.

Қауіпсіз орта: «Электр қауіптілігінің алдын алу»

Есбол орта мектебінде «Электр тогының қауіпсіздік ережелері» аясында апталық болып өтті. Бұл апталыққа 1-11 сынып оқушыларына сыныптан тыс сабақтар өткізіп, электр станциясында жұмыс жасайтын мамандармен кездесу ұйымдастырылды.

Оқушыларға электр тоғы туралы түсінік беріліп, электр тогының қауіпті екенін және олармен қалай жұмыс жасау керек екені баса айтылды.

4 сынып жетекшісі А.Иманқұлова «Электр тогының қауіпсіздік ережелері» тақырыбында сынып сағатын өткізді. Онда мұғалім электр қуатын пайдалануда сақтану ережелерінің негізін қалыптастыра отырып, қауіп төнген кезде өздерін қорғай білуге, электр тоғы арқылы жұмыс істейтін заттарды дұрыс қолдана білуді үйретті.



5-сынып жетекшісі А.Хамзағали «Электр қауіпсіздігі» тақырыбындағы сынып сағатында мұғалім электр тогының қауіпті екенін және олармен қалай жұмыс жасау керектігін түсіндіре отырып, жалпы қауіпсіздік шараларына кеңінен тоқталып өтті.



6-сынып жетекшісі М.Темірханова «Электр тогының пайдасы мен зияны» тақырыбында сынып сағатын өткізді. Онда мұғалім жыл сайын елімізде жас өспірімдердің электр тогынан зардап шегулеріне байланысты қайғылы оқиғалардың

көптеп тіркелетіні, сақтық шараларды қолданбай талай адамның мүгедек болып жатқаны туралы айта келіп, «Балаларға ескерту», «Бәріне ескерту», «Абай болыңыз», «Қатаң тыйым салынады!» айдары бойынша жұмыс жасады. Одан кейін оқушылар топ бойынша жұмыс жасап, постер қорғады. «Бесбармақ» әдісі бойынша кері байланыс алынды.



8 сынып жетекшісі Л.Нұрғалиева «Жоғары кернеулі тоқ» тақырыбында өткізген сынып сағатында электрик маман Жексенғалиев Мардан ағаймен кездесіп, жоғарғы кереулі тоқтың қауіптілігін айтып, ондағы сақтық шараларына тоқталды.



9 сынып жетекшісі С.Қоржықбаева «Электр қауіпсіздігі және маман кеңесі» тақырыбында өткізген сынып сағатында мұғалім білім алушыларға электр қауіпсіздігі туралы түсінік бере отырып, алған білімдерін өмірде қолдана алатындай жағдай жасады. Әуелі оқушыларға бейнебаян көрсетіп, тақырыпты өзектендіруге бағытталған сұрақтар қойды. Оқушылар өз ойларын еркін білдіріп, ұтымды жауап бере білді. Одан кейін оқушылар «Маман кеңесі айдары бойынша» электрик маманның ойлы, мағыналы, өмірге керекті ақыл-кеңестерін тындап, «Пікірлесу аймағында» өз пікірлерін білдіріп, талқыға салды. «Не алдым?» рефлексиясы бойынша оқушы үні тыңдалып кері байланыс алынды.



10 сынып жетекшісі Р.Қыдырқызы тақырыбында сынып сағатында «Не үшін», «Неге», «Неліктен» электр энергиясының пайдасы мен мақсатында «Не істеу керек?» білуге тиіс мәліметтерді бере білді.



«Электр тогын тиімді пайдалану» мұғалім «Миға шабуыл» әдісі арқылы деген сауалдар арқылы тақырып ашылып, бірге жүретін қауіптіліктің алдын алу стратегиялық сұрақтар арқылы оқушы



11 сынып жетекшісі Ж.Сатқанбай «Электр тогы ойыншық емес» тақырыптарында сынып сағаттарын өткізді. Мұғалім арнайы қауіпсіздік плакаттарымен жұмыс жасап, оқушы білуге тиіс мәліметтерді бере білді.



«Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы». Олай болса өскелең ұрпаққа дұрыс бағыт-бағдар беріп, дені сау ұрпақ тәрбиелеу алдымызға қойған негізгі міндеттердің бірі. Олай болса, ұрпақ амандығын тілейік!

Тақырыбы: «Буллинг пен кибербуллинг» киберқауіпсіздік тұжырымдамасымен таныстыру

Уақыты: 8.09.2021

Қатысушылар саны: 10

Қатысуға тиіс: 10

Қатысқаны: 9-сынып

Мақсаты: білім алушылар арасында адамгершілік пен мейірімділікті насихаттау; өз құқытары туралы ақпарат беру; буллинг, кибербуллинг туралы ақпарат беру; құқықбузушылықтың алдын алу.

Жаднама тарту юарысында оқушыларға аталған термин бойынша сұрақтар қойылылып, пікірлері тыңдалды. Алдарына таратлған жаднамаларды танысып, талқылады

Күтілетін нәтиже: Оқушылар киббирбуллинг пен буллингтің мағынасын біледі

Жеткен нәтиже: Оқушылар алған білімі негізінде киббирбулингке тап болған жағдайда қандай шара қолдану қажеттілігін біледі



Түйін: танымайтын бейтаныс адамдармен байланыспау

«Сен туған Қазақстанныңды білесің бе?» оқырмандар сайысы

Өткізілу түрі: Оқырмандар сайысы

Күні: 12 қыркүйек

12 қыркүйек күні ҚР-сы 30 жылдығына орай 5-сынып оқушылары *«Сен туған Қазақстанныңды білесің бе?»* тақырыбында оқырмандар сайысы өтті. Есбол орта мектебі кітапханашысы Ш.Сабырбаева оқушылармен амандасып, ҚР-ның 30 жылдық мерейтойымен құттықтады. Шараның мақсатын, өту барысын түсіндірді. Кітапханашы: «Тәуелсіздік жолы оңай жол емес, бұл жолда сан мыңдаған адамның арманы мен тағдыры жатыр. Біздің еліміз бүгінгі күнге сондай қиын-қыстау, даңқты жолдарын өтіп келіп отыр. Сондықтан да, тәуелсіздігіміздің мәні өзгеше, бағасы теңдессіз. Ендеше тәуелсіздігіміздің тұғыры әрқашан биік болсын!»-деп алғысөз сөйледі. Шарада кітапханашы осы кезекте тәуелсіздік жайында кітаптарды оқушылар назарларына ұсынды. Келесі кезекте 1-кезең:Кім жылдам? ойыны (оқушылар үстел үстінен қағаздарды алып сұрақтарға жауап беру арқылы сурет құрау керек) ұйымдастырды. 2-кезең(Отан, ел туралы мақал-мәтелдер айту) Шарамызды аяқтай отырып, сіздерді Отанымыздың келе жатқан атаулы мерекесімен құттықтап, бүгінгі тәрбие сағатымызды М.Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» атты өлеңімен қорытындылады.



«Білгірлер» зияткерлік сайыс

Сабақтың мақсаты: оқушылардың білімдерін жинақтау, ізденуін, жан-жақты болуын, әрі табиғатты сүйуге баулып, ұқыптылыққа тәрбиелу;

Сабақтың түрі: интеллектуалды- зияткерлік сайыс

Сабақтың әдістері: ойын, сұрақтар, тапсырмалар;

Сабақтың көрнекілігі: интерактивті тақта, үлестірімелі қағаздар

Сыныбы: 7

Сынып жетекші: Д. Беріков



Тақырыбы: «Мектепте оқуға бейімдеу» (Г.Вицлак әдістемесі)

Уақыты: 20.09.2021

Қатысушылар саны: 11

Қатысуға тиіс: 11

Қатысқаны: 1-сынып

Мақсаты: Оқушылардың мектепке психологиялық дайындығын анықтау, мектептегі оқуға қабілетін зерттеу, логикалық ойлауын, қабылдауын, көру арқылы есте сақтауын, түстерді ажырата білуін, ойша жұмыс істей білуін дамыту

Ұтымды тұсы:

1-сынып оқушыларымен логикалық ойлауын, көру арқылы есте сақтауын, түстерді ажырата білуін, ойша жұмыс істей білуін дамыту мақсатында "Мектепте оқуға бейімделу" атты психологиялық сағаты ұйымдастырылды. Психологиялық әдістемелер негізінде оқушылардың оқуға деген қызығушылық танымы байқалады. Оқушылар сабақ барысында жаттығуларға белсене қатысып, өздерінің қызығушылықтарын арттыра білді және тапсырмаларды мұқият орындады.



Күтілетін нәтиже: Оқушылардың зейінін, есте сақтау қабілетін, зеректігін, алғырлығын, шапшаңдығын дамыту

Түйін: Оқушылар әдістемелермен жұмыс жасай отырып, түстерді, геометриялық фигураларды ажырата білуге, ұсақ қол моторикасын дамытуға, логикалық ойлауын арттыруға дағдылана білді. Оқушылардың мектепке бейімделуі жақсы, оқушылардың зейін қою, есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу, сөздерді байланыстыру қабілеттері жетілгені жүргізілген жұмыстарда айрықша байқалды.

«Мектепке гүл сыйлаймын» акциясы

Есбол орта мектебінде 20.09-30.09 аралығында өтілген еңбек апталығына орай «Мектепке гүл сыйлаймын» акциясы ұйымдастырылды. Бұл акцияның мақсаты: Оқушыларды еңбекқорлыққа баулу, өз мектебін жасылдандыру арқылы еңбектің қадірін түсіну. Бұл акцияға 1-11 сынып оқушылары атсалысты. Әсіресе 2-3 сынып оқушылары өз белсенділіктерін танытты.



Тақырыбы: «Мемлекеттік рәміздерді білеміз бе?»

Уақыты: 21.09.21

Қатысушылар саны: 21

Сынып: 6

Сынып жетекші: Темірханова М

Мақсаты: Оқушыларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халықына адал қызмет етуге тәрбиелеу; Елінің туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеп, бағалау қажеттігін айту

Өтілу барысы:

Алдын ала оқушыларға Мемлекеттік рәміздер туралы түсінік жұмысы жүргізілді. Оқушылар зейін қойып тыңдап, өз ойларын айтып сынып сағатына белсене қатысып отырды. «Еліміздің мемлекеттік рәміздері» бейнебаяны арқылы білімдерін толықтырды. Оқушылар тапсырмалар орындап, рәміздердің белгілері туралы түсініктерін айтты. Сынып сағаты соңында рәміздер суреттерін салды.



Тақырыбы: Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» кітабын талдау

Мақсаты: Оқушыларға жазушының өмірі мен шығармашылығынан мәлімет беру «Ақиқат пен аңыз» романының мазмұнын, ерекше жазу стилін, кейіпкерлер әлемін танытып, білімдерін кеңейту; Бауыржан Момышұлының қаһармандық және азаматтық бейнесі арқылы оқушыларды батырлыққа, отаншылдыққа, адалдыққа тәрбиелеу;

Көрнекілігі: Интерактивті тақта, Әзілхан Нұршайықов «Ақиқат пен аңыз» роман-диалог, кеспе қағаздар

11-сынып оқушыларына Әзілхан Нұршайықовтың «Ақиқат пен аңыз» кітабын талдау тақырыбында сынып сағаты өткізілді. Сынып сағаты кітапханада дөңгелек үстел форматында өтті. Сынып сағаты мақсаты: Оқушыларға жазушының өмірі мен шығармашылығынан мәлімет беру «Ақиқат пен аңыз» романының мазмұнын, ерекше жазу стилін, кейіпкерлер әлемін танытып, білімдерін кеңейту; Бауыржан Момышұлының қаһармандық және азаматтық бейнесі арқылы оқушыларды батырлыққа, отаншылдыққа, адалдыққа тәрбиелеу; Оқушыларға жылдар әдісі арқылы жазушының өмірі мен еңбек жолы таныстырылды. Бейнеролик көрсетіліп сұрақтар қойылды. Кітаптың мазмұны таныстырылып, басты кейіпкері Бауыржан Момышұлы туралы деректермен танысты. Қорытындылауға сұрақтар қойылып кері байланыс жасалды.



«Еңбек – ырыстың бұлағы, Еңбек – бақыттың шырағы»

Күні: 28/09.2021

Өткізілу түрі: Кездесу

«Еңбек күні» мерекесіне орай мектебімізде жоспар бойынша «Көзайым» қыздар ұйымының ұйымдастыруымен қолөнер шебері Рахимова Алмагүлмен кездесу өтті.

Шараның мақсаты – мектеп оқушыларына қазақ ұлттық қолөнерінің ерекшеліктерімен таныстыру, оның халық салт – тұрмысында алатын орнының қаншалықты маңызды екендігін ұғындыру, төл мәдениетімізді қастерлеуге баулу, қолөнерші қонағымыздың шығармашылығын насихаттау.



Шара қонағы өзінің қызығушылықтары, алға қойған мақсаттары жайында айта келе, халық өнері шеберлік мұраларының қазіргі кезеңдегі жағдайы, сондай – ақ өнердің адамның дүниетанымына, сенімі, адамгершілік қасиеттері, эстетикалық талғамдарының қалыптасуына, алға қойған мақсаттарының айқындала түсуіне игілікті ықпал ететіндігі туралы ой – пікірін ортаға салды. Адамның көпшіл, қоғамшыл болып өсуі үшін де өнерлі болудың маңызы зор екендігіне тоқталды.

Ұлтымыздың салт – дәстүрін ұлықтайтын қолөнер шеберінің жұмыстары көпшілік назарына ұсынылды.

Шара соңында қолөнер шебері оқушыларға өз жүрек жарды тілегін айта отырып, оқуда білімді алғыр, алға қойға мақсаттарына жетуіне тілек білдірді.

Мектеп атынан Рахимова Алмагүл апайымызға алғыс хат табысталды.

Тақырыбы: «Ашуыңызды тежей білесіз бе?»

Уақыты: 29.09.2021

Қатысушылар саны: 17

Қатысуға тиіс: 21

Қатысқаны: 6-сынып

Мақсаты: Агрессиядан арылу, ашуды жеңу техникаларымен таныстыру

Ұтымды тұсы: Оқушыларға ашу туралы мағлұмат берілді. Ашу да адам бойындағы эмоцияның түрі екендігі, әр адам бұл сезімді өзінде өткізетіндігі айтылды. Оқушыларға жаңбыр астындағы екі адамның эмоциялық көңіл күйінің екі түрлі болатындығы секілді ашу да әр адам бойында әр түрлі қабылданып, әр түрлі жүретіндігі сурет бойынша түсіндірілді. Оқушылар кеңес беру сәтінде «Ашуға әкелетін ой» және «Тыныштандыратын ой» кестелеріне өздерінің ойларын жазып берді. «Ашулы шарлар» жаттығуында сыныптағы ашуға берілгіш оқушылар ортаға шығып, шарды үрлеп, оны жарды. Ашудың осылай жиналып, қатты етіп шығатынын, адам бойында ол бара бар жағымсыз мінезге айналып кетуі бар екендігі айтылып, оқушылар сабырлы болуға, өздерінің ашуын ұстап, ұстамды болуға кеңестер алды.



Түйін: «Ашу – бұл эмоция барлық адамның басынан өткізетін құбылыс. Адам өмірінде қуаныш, бақытты, жылауды өткізетіні сияқты ашу да болып тұрады. Ашуды басынан өткізудің ешқандай әбестігі жоқ. Тек адам ашуланғанда қатты ашуланып, ашудан жарылып кетпей өз - өзін ұстай білуі керек.

Ұсыныс: Оқушыларға эмоция күй жөнінде үнемі түсінік жұмыстарын жүргізу

Тақырыбы : «Бәрі еңбектен басталады, мамандық оның негізі »

Күні: 29.09.2021

Мақсаты : Оқушыларға еңбек ету, жан қалауы жақсы мамандық алудан басталатындығын ұғындыру. Оқушылардың жеке кәсіби таңдау түсініктері туралы білімін жетілдіру. Мамандықта бағдарлана білуді дамыту. Мамандықты таңдауда жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.

Өту барысы : Оқушыларға Ж.Аймауытовтың еңбек туралы айтылған сөздерімен тренинг басталды. 1978 жылы америкалық психолог Сьюзен Деллинджер жасаған мына психологиялық тестпен басталды. Оқушылар қызығушылықпен таңдап, өздеріне сай келетін болжамды мамандықтармен танысты. Келесі кезекте «маман», еңбек деген сөзге оқушылар өз білімдерін қолдана отырып ассоциативті картаны құрып, қорғады.

Тренинг «Қол- мидың жалғасы» тренингімен жалғасын тапты. Оқушылар берілген тасырманы критерий бойынша орындап, жауабын білді. Және де тренинг барысында эмоцинолыдық көңіл күйді орнату мақсатында қызықты логикалық сұрақтар қойылды. Оқушылар белсенділікпен жауап берді. Осы кезекте в, с деңгейлі оқушылар да белсенділіктерін көрсете алды.

Нәтижесі: Білім алушылар өз таңдағалы отырған мамандықтары туралы нақтылып таныстырып, өз қалаған маман болуға дайын екендіктерін дәлелдеп айта білді.



«Қарттарым – асыл қазынам»

Мерекеңіз құтты болсын ата-апа!
Көкіректен жыр төгілмей жата ма?
Зейнетіне жетіңіздер өмірдің,
Кенеліп бір ілтипатты батаға.

Ортамызда жүрген қарияларымыздың бір кезде елі, халқы, келешек ұрпағы үшін жасаған игі істері ерекше орын алады. Қазіргі кезде біздің мемлекетімізде қарттарға үлкен мән беріп, көңіл аударып, жан- жақты үкімет тарапынан қамқорлық жасалуда. Қазақстанның өсіп- өркендеуіне, еліміздің бейбітшілік тыныш өмір кешуіне өз үлестерін қосқан осы ардақты да аяулы қарттарымыздың арқасы деп есептейміз. Міне, енді қарттар күні саналы ғұмырларын Отан деп, тынымсыз еңбектерімен мемлекетіміздің негізін салуға жол ашқан алдыңғы буын ата- әжелеріміздің төл мерекесі. Олардың өмір жолдары бүгінгі ұрпаққа табылмас қазына. Қарт кісіні құт-береке деп танысақ-ол ұрпақ көрегендігі. Ұрпағы құрметтеген ата-ана әр кезде де бақытты.

1.10 күні «Қарттарым –асыл қазынам» атты қарттар күніне орай 10-11 сынып оқушылары мен әлеуметтік педагог ауыл қарттарына құттықтау қағазы мен сыйлықтар табыстауға бардық. Ата-әжелеріміз жарқын жүзімен бізді қарсы алып, кезінде басынан кешкен оқиғаларын әңгімелеп айтты. Оқушыларға өмір жолында сәттіліктер тілеп, ізгілік тілектерін айтып, ақ батасын берді және естелік суреттерге түсті.



«Өзің оқы, өзгеге табыс ет»

Күні: 1/10

Өткізілу түрі: буккросинг акциясы

Есбол орта мектебінің кітапханашысы Ш.Сабырбаева «Оқуға құштар мектеп – оқуға құштар ұлт» жобасы аясында 30 қыркүйек пен 1 қазан аралығында 4-сынып оқушыларымен қазақтың ұлы ағартушы ұстазы Ыбырай Алтынсариннің 180 жылдығына орай «Өзің оқы, өзгеге табыс ет!» буккросинг акциясы ұйымдастырды. Акцияда мектебіміздің 3-сынып оқушылары жобаның мақсатымен таныстырылып, оқушыларға Ы.Алтынсариннің Қазақ хрестоматиясы, Кел, балалар, оқылық! кітаптарындағы жазушының өлеңдері мен шығармаларын оқуға берілді.



«Ұшқыр ой алаңы» «Жалын» дебат алаңы

Есбол орта мектебінде Қазақстан Республикасының тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай ағымдағы жылдың 2-қазан күні Л.Нұрғалиеваның ұйымдастыруымен мектепшілік дебат турнирі болып өтті.

Дебаттық турнирде талқыланатын тақырып: **«Тіл-асыл қазына»**

Тірек сөз: А.Байтұрсынұлы: «Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады»

Мақсаты: Оқушыларды кез-келген ортада ойын еркін әрі жүйелі жеткізуге дағдыландыру, қазақ тілінің құдіретін ұғындыру

Турнир міндеттері:

- балалар мен жастарды Қазақстан Республикасының патриоты екендігін, өз Отанына қызмет етуде және Адалдықты ту етіп парасатты тұлға ретінде тәрбиелеу;
- Оқушылардың жалпы ой-өрістерін кеңейту, шешендік сөйлеу дағдыларын қалыптастыру;

Талқыланатын сұрақ:

1. Қазіргі қоғамда қазақ тілінің алатын орны қандай?
2. Өзге тілді білу өз тілімізге зиянын тигізе ме?
3. Қазіргі таңда жастар қазақ тілінде қаншалықты сөйлейді?

Дебат мүшелері өз белсенділіктерін көрсете білді.



«Ұлылықтың басында ұстаз тұрар»

Сыныбы:6

Уақыты:4.10.2021

Өтетін орны:биология кабинеті

Сабақ барысында «Ұстаз» туралы баяу әуен орындалып тұрады

Мақсаты: оқушылардың бойында ұстаз деген ерекше жылы сезім қалыптастыру. Оқушыны ұстазды құрметтеуге, сыйлауға қадірлеуге, ұстаз еңбегін бағалай білуге үйрету, дамыту. Адамгершілікке, кішіпейлікке үлкенге құрмет көрсетуге тәрбиелеу.

Түрі: Сұрақ – жауап, әңгіме, диалог.

Көрнекілігі: Жүрекшелер, шарлар, интербелсенді тақта, презентация, нақыл сөздер мен суреттер.



Кибербуллинг: балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз? /тимбилдинг/

Өткізілу әдісі: Тимбилдинг

Өткізілетін жері: Табиғат аясы – мектеп стадионы, мектеп ғимараты

Қатысушылар: 6-7-сынып оқушылары

Кибербуллинг: балалардың әлеуметтік желідегі қауіпсіздігін қалай қамтамасыз етеміз? тақырыбында табиғат аясында 6-7 сынып оқушыларына арналған тимбилдинг өткізілді. Оқушылар тимбилдингке белсене қатысты.

Психологиялық тренинг «Амандасу» тренингімен басталып, оқушылар ішкі және сыртқы шеңбер жасап, бір-бірімен нұсқау бойынша амандасты. Кейін топқа «Мозайка» арқылы бөлінді. Сурет қиындыларын өздері таңдап алып, мозайка құрастырды. Қолдарындағы қиынды суреттерді жалғау арқылы оқушылар топқа бірікті. *Суреттер:*

«Кибербуллинг», «Буллинг», «Кибермоббинг»

Оқушылар сурет бойынша өз ойларын ортаға салды. Кейін психолог тарапынан түсінік берілді.

Әр топ өз тобына ат қойып, таныстырып, топ басшысын сайлады.

Түс бойынша үстеріне белгісі бар киімдер киіп, ойынға қызығушылықпен қатысты. Тимбилдинг 2 кезеңнен тұрды. 1 кезең далада мектеп стадионында, қимылды ойындар ойнау арқылы өтсе, 2 кезең мектеп ғимаратында топ басшыларының бетпе-бет кездесуі арқылы өтті. Оқушылар тимбилдинг барысында кітап оқып, кітаптан «Әлімжеттік деген не?», «Үрейден қалай құтыламыз?», «Бұзақы балалардан қалай қорғанамыз?» тақырыптарында мағлұматтар ала отырып, өз түсініктерімен бөлісе білді. Сурет бойынша заманауи мақал-мәтелдер құрастырды. Бетпе–бет кездесуінде сөйлемей, ыммен затты қатысушылар жоғары деңгейде түсіндіре білді. Тимбилдинг соңында оқушылар шара жөнінде алған әсерлерімен бөлісті. Осындай тимбилдинг алдағы уақытта болып тұрса екен деген ұсыныстар болды.

Тимбилдинг өз мақсатына жетті. Оқушылар кибербуллингтің зияны жөнінде, одан қорғану, оның алдын алу жөнінде кеңестермен танысты. Онлайн ортада өзін-өзі ұстау дағдылары жөнінде кеңестер берілді, оқушылар өз ойларын ортаға еркін салып, шараға еркін қатысты.



Тақырыбы: *«Парасат жолы – адалдыққа бастар жол»*

Өткізілу түрі: Пікірлесу сағаты

Мектебіміздің ардақты ұстазы Қ.Аманғалиева мен 9-сынып оқушыларымен пікірлесу сағаты өтті. Мақсаты: Оқушыларға парасаттылық, адал, адамгершілік ұғымдарына түсінік беру. Бір-біріне деген көңілі таза, пейілі кең, шын дос бола білу ұғымдарын қалыптастыру. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті арттыру. Пікірлесу сағатымызда Қ.Аманғалиева өзінің ұстаздық жолға қалай келгенін, өмір жолынан сыр шертті. Арнайы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі «Anticor» дайындаған бейнеролик көрсетілді. Бейнероликте парасаттылыққа қандай адам лайықты? Ғұламаларымыздың парасатты адам туралы айтқан нақыл сөздері айтылды. Кітапханашының у.м.а Ш.Сабырбаева оқушыларға сұрақтар қойды. Оқушылар өз ойларын ортаға терең жеткізе білді. Шара соңы М.Әуезов атамыздың «Күшіңе сенбе, адал ісіңе сен!» нақыл сөзімен аяқталды.



«Әрқашан жақыныңа жәрдемші бол»
Зорлық зомбылыққа қарсы қарым – қатынас ережесі

Сыныбы: 8

Сынып жетекшісі: Л.Нургалиева

Күні: 21.10.2021 ж.

Бағыты мен өзектілігі: «Әрқашан жақыныңа жәрдемші бол» Зорлық зомбылыққа қарсы қарым - қатынас ережесі ашық тәрбие сағаты қойылды.

Сыныпқа жалпы сипаттама: Барлығы 10 оқушы, қатысқаны 10 оқушы.

Оқушыларға зорлық-зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Оқушыларға толеранттылық туралы мағлұмат бере отырып, өздері жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті де тұлға болып өсуін тәрбиелеу.

Тәрбие сағаты психологтың нұсқауы бойынша сәлемдесті. Сонымен қатар, оқушыларға сұрақтар қойылып, өлең оқылып, топтық тапсырмаларын орындады. Тәрбие сағаты өз мақсатына жетті.



Тақырыбы: «Сұлу сөздің сардары»

2021 жылдың 21 қазан күні Есбол орта мектебі кітапханашысы Ш.Сабырбаева Қазақстанның Халық жазушысы, ғылым академигі Зейнолла Қабдоловтың туғанына 95 жыл толуына орай «Сұлу сөздің сардары» тақырыбында 8-сынып оқушыларына библиографиялық шолу өткізді. *Мақсаты:* Қазақстанның Халық жазушысы, Қазақ және Қырғыз Республикаларының еңбек сіңірген қайраткері, жергілікті жазушының өмірі мен шығармаларынан мағлұмат беру, кітаптарындағы әдеби шығармаларын оқушыларға таныстыру, оқуға ұсынып, насихаттау.



«Көзайым» қыздар клубының өткізген «Қыз бала.Қоғам.Отбасы» тақырыбындағы дөңгелек үстел

Күні: 21.10.2021

Өткізуші: Г.Батырғалиева

Мақсаты: Аталған шараның мазмұны әрбір елдің өміріндегі шешуші кілт — қыздарға берілетін тәлім мен тәрбие арқылы өлшенетіндігі, «қыз» деген сөздің өзі әдеміліктің, әдептіліктің, жан-жақты сұлулықтың символы ретінде қолданылатын анықтамалардың сыр-сипатына бағытталды. Шара барысында нәзік жандылардың құқығын қорғау мен өмірін аялау мәселесі де көптің талқысына салынды.



Тақырыбы: Олардың өмірі-үлгі. Мен ұқсағым келетін адамдар.«Полианна» кинофильміндегі айтылған ойды талқылау

Мақсаты: Өмірге деген көзқарастарын нақтылау, өмірге жақсы көзбен қарауға, қиындықтарды оңай жеңуге ынталандыру. Элинор Портер америка жазушысы, «Полианна» романымен таныстырылып, бұл фильмдегі басты ой қандай деген сұрақтарға жауап іздеп талдап талқыладық. Ситуациялық сұрақтар мен жағдаяттарға өз ойлары мен сол жағдайға тап болғанда қандай іс-әрекет жасайтындығы туралы, өмірден әр істен ләззат алып, позитивті өмір сүруге деген ынталандыру, қуанып өмір сүру керектігі туралы ой жарыс болды.



Фильмнен үзінділер көріп, талдап қиындықтың тек жаман жағын ғана ойламай жақсы өмір сүруге талпыну қажеттігі туралы айтылды.

Тақырыбы: "Салт-дәстүрінді білесіңбе?"

Күні: 27.10.

Қатысушылар саны: 14

Қатысуға тиіс: 14

Қатысқаны: 5-сынып

Мақсаты: Оқушылар бойына халқымыздың рухани байлығын сіңіру, ұлтымыздың дәстүрлерінен үлгі алу. Оқушыларды ұлттық салт-дәстүр үлгісіне тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: Оқушыларды ұлттық салт-дәстүр үлгісіне тәрбиелеу.

Жеткен нәтиже: Оқушылар бойларындағы құнды қасиеттерді ажыратып, өз бойларында бар екендігімен мақтана алды.

Түйін: Рухани жаңғыруды өзімізден бастаймыз



Тақырыбы: «Жігітке жеті өнерде аз»

Күні: 15.12.2021.

Мақсаты: Ер балаларды ұлттық тұлғада халқымыздың әдет ғұрпын, салт- дәстүрлерін қадірлеу, ұлт жанды, отан сүйгіш, патриоттық сезімдерге баулу, тәрбиелеу. Оқушылар арасынан қабілетті, білімді, спортқа икемді, еңбекке биімді, жан жақты, сегіз қырлы бір сырлы оқушыларды анықтау.

Барысы: Есбол орта мектебі бойынша тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай әскери патриоттық бағыт бойынша сайыс өтті. Сайыс жеті тур бойынша өтті. Сайысқа 8_9_10 сынып оқушылары қатысты. Сайыс нәтежесінде әділ қазылардың шешімімен жүлделі 1 орынды 10 сынып, 2 орынды 9 сынып, 3 орынды 8 сынып оқушылары жеңімпаз болып табылды. Сайыстың соны мектеп директоры Ержан Таңатарұлының марапаттау рәсімімен аяқталды.



«Азаттық туын алғаш көтерген айбынды батыр»

2 қараша күні кітапханашы Ш.Сабырбаева кемеңгер, айлалы батыр, шешен Сырым Датұлының туғанына 305 жыл толуына орай тақырыбында 7- сынып оқушыларына тарихи-танымдық сағат өткізді. Шара барысында кітапханашы С.Датұлының өмірі мен отбасы, көтеріліс себептері мен салдары, жерленген жері туралы слайд арқылы түсіндірді. Кері байланыс ретінде оқушылар шарадан алған мәліметтерін постерге жазып баяндады. *Мақсаты:Қазақ ұлтының азаттығы үшін күрескен кемеңгер, қара тілдің дүлдiлi, қазаққа белгiлi алып тұлғаның бiрi Сырым Датұлының елiне iстеген қасиетiн, өсиет етiп кеткен ұлағатты сөздерi мен оның өмiрi және шығармашылығы туралы кеңiрек мәлiметберу,оқушылардың функционалдықы сауаттылығын қалыптастыру арқылы бiлiм сапасын арттыру.Рухани жаңғыру аясында бiлiмдi бәрiнен биiк қоятын көзi ашық көкiрегi ояу бала тәрбиелеу.*



Тақырыбы: "Мемлекеттік рәміздер елімнің мақтанышы"

Күні: 10/11

Қатысушылар саны: 14

Қатысуға тиіс: 14

Қатысқаны: 5-сынып

Мақсаты: Елтаңба, Ту, Гимн туралы түсініктерін нығайту. Рәміздердің пайда болуы және тарихтағы маңызы жайлы түсініктерді дамыту.

II. Оқушының есте сақтауын дамыту, өз ойын дұрыс жеткізуге ынталандыру.

III. Оқушыларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Әнұранын қастерлеп, құрметтеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеу.

Күтілетін нәтиже: Оқушыларды Отансүйгіштікке, адамгершілікке, Отанына, халқына адал қызмет етуге, елінің Туын, Елтаңбасын, Гимнді қастерлеп, құрметтеуге, халқының тегін, тарихын білуге тәрбиелеуді біледі.

Жеткен нәтиже: Оқушылар бойларындағы құнды қасиеттерді ажыратып, өз бойларында бар екендігімен мақтана алды.

Түйін: Рухани жаңғыруды өзімізден бастаймыз



«Королевство иностранных языков»

Есбол орта мектебінің «Шет тілдері» бірлестігінің ұйымдастыруымен өткізілген апталықты қорытындылау мақсатында «Королевство иностранных языков» тақырыбында ашық тәрбие шарасы болып өтті. Оқушылар екі тілде өлең жолдарын оқыды. 1-5 сынып оқушылары Кошки және Уака –уака биімен көрермендерді қуантты. 4сынып оқушысы Әскер Сағыныш Улыбка әнін айтып, 5сынып оқушылары Little riding hood көрінісін сахналады.

Шара соңында апталықта белсенділік танытқан оқушылар марапатталды.



Тақырыбы: «Теңге-тәуелсіздік нышаны»

Күні: 15 қараша 2021 жыл

Оқушылар саны: 4

Бағыты: Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие

Мақсаты: Кәсіби өзін-өзі анықтауға саналы көзқарасты қалыптастыру, экономикалық ойлауды және тұлғаның экологиялық мәдениетін дамыту;

.

Өту барысы

«Ұлттық теңге ел тәуелсіздігінің символы» дөңгелек үстелді оқушылар өздері ұйымдастырды. Дөңгелек үстел қонақтары мектептің тарих пәні мұғалімі Тұрғанбаева Гүлмира мен Таңатов Жалғас. Ең бірінші бейне жазба қарап, төл теңгеміздің тарихы мен танысып, қалай қашан жасалғандығы туралы ақпараттанды. Екінші бөлімінде білім алушылармен жас маман Таңатов Жалғас викториналық түсіндірме сұрақтар қойды. Сұрақтарды мектеп дәлізінде мына бағыттарда қойды: төл теңгеміз қандай, алғашқы монета қай жылы қолданыста болды, алғашқы ақшалар қандай болды, ондағы ақын жазушылар кімдер, ақша ауысымында қандай ақшамен ауысты, әлемдік валюталық сайыста алған мәртебесі қандай, ең бірінші қай елде басылып шықты. Қызықты, тарихи сұрақтар төңірегінде Мадина, Жансұлу, Ерасыл, Нұрбақытта жақсы пікір мен білімдерін көрсетті. Содан соң тарих пәнінің мұғалімі Тұрғанбаева Гүлмира төл теңгеміздің қазіргі жетістіктеріне тоқталып кетті. Сынып сағаты төл теңгеміздің символдық статусы мен ерекшелігі жөнінде мәліметтерге толы болды. Жақсы деңгейде ұйымдастырылып өтті.



Есбол орта мектебінде Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің

30 жылдығына орай 22қараша – 15 желтоқсан аралығында

«Тәуелсіздік-елімнің ерлік жолы» атты іс-шара

Есбол орта мектебінде 22 қараша күні Қазақстан Республикасы тәуелсіздігінің 30жылдығына байланысты «Тәуелсіздік мәңгілік елдің тұғыры» атты 1-11сынып оқушылар арасында ашылу салтанаты өтті. Салтанатты шарада тарих және Құқық пәнінің мұғалімі Г.И.Тұрғанбаева іс-шаралар жоспарының тақырыптары және өту бағыттарымен таныстырып өтті. Сондайақ осы салтанатты шарада тарих пәнінің мұғалімі Ж.Е. Таңатов Оқушылар арасында лездеме сұрақтар арқылы Қазақстанның тәуелсіздік тарихына шолу жасады. Оқушылар өте жоғары белсенділікпен қатысты.



23қараша күні Есбол орта мектебінің кітапханшысы Ш.Т.Сабырбаева «Тәуелсіздік- ел тірегі» атты кітап бұрышын ұйымдастырды. Кітапханашы Оқушыларды жергілікті ақын-жазушылардың тәуелсіздік тақырыбындағы өлең-жырлары және мақалаларымен таныстырды.



.Осы тәуелсіздіктің 30жылдығына орай 10 сынып жетекшісі А.Е.Хасанова оқушыларды ұйымдастыра отырып «Қарттарым- менің қазынам»атты волонтерлік шара ұйымдастырды. Сынып жетекші А.Хасанованың ұйымдастырумен ауылдағы қарттарға волонтерлік көмектер көрсетілді.



24 қараша күні 1-11 сынып Оқушылар арасында қазақ тілі және әдебиет пәнінің мұғалімі Л.Нұрғаливаның ұйымдастырумен «Азаттықтың ақ таңы» атты көркемсөз сөз сайысы өткізілді. Оқушылар өз шығармашылығынан тәуелсіздік тақырыбындағы өлең-жырларды жатқа айтты.



5қараша күні дене тәрбиесі мұғалімі Д.Беріковтың ұйымдастырумен «Тәуелсіздік тарландары» атты 9-11 сынып оқушылары арасында спорттық сайыс өткізілді.



25қараша күні ағылшын пән мұғалімі Хамзағали.А «Менің Отаным-Қазақстан» атты сынып сағатын өткізді. Пән мұғалімі Оқушылардың танымын, білім деңгейін арттыру мақсатында тапсырмалар беріп шараға деген қызығушылығын арттырды.



29 қараша күні География пәнінің мұғалімі Қоржықбаева С «Тәуелсіздік-елдің ұлы тарихы» атты интеллектуалдық сайыс өткізді, сайыста Оқушыларды топқа бөліп әртүрлі тапсырмалар беру арқылы ойлау дағдыларын дамытты.



2 желтоқсан күні бастауыш пәнінің мұғалімі Меңдіғалиева.Г «Тәуелсіз елдің білімді ұрпағы» атты интеллектуалдық жарыс өткізді. Жарыста пән мұғалімі әртүрлі ғылым салалары бойынша оқушыларға сұрақтар қойып, оқушылардың ойлау қабілетінің жылдамдығын және білімділігін саралады.



3 желтоқсан күні мектепке дейінгі тәрбиеші Сариева.Г «Мен елімді сүйемін» атты тәрбие сағатын ұйымдастырды. Шарада Оқушылар тәуелсіздік тақырыбына байланысты қойылымдар қойып белсенділікпен қатысты.



7желтоқсан күні мектептің тәлімгері ТюринаФ 9-10сынып оқушылары арасында «Мәңгілік Ел-Қазақстан» атты дөңгелек үстел ұйымдастырды. Оқушылар осы шарада Қазақстанның тәуелсіздік тарихын Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Мәңгілік-ел идеясымен»

байл
аны
стыр
ды.



Оқушылар «Тәуелсіздікке 30 жыл» атпен қабырға газеттерін жасады



10 желтоқсан күні мектеп алды даярлық сыныбының мұғалімі Есенаманова А мектеп алды даярлық сыныбының Оқушылармен «Тәуелсіздік-қасиетім,қастерлім » атты танымдық шара өткізді.



13желтоқсан күні орыс тілі пәнінің мұғалімі Сатқанбай Ж «Что для меня Независимость» деп аталған жоғары сынып оқушылары арасында өлең-жырлар сайысын өткізді.



. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы «Бабалар аңсаған тәуелсіздік» атты танымдық-тарихи шарамен қорытындыланды.



Тақырыбы: «Қарттарым - асыл қазынам»

Күні: 17.11.2021 жыл

Оқушылар саны: 4

Мақсаты: [Тәуелсіздікке 30 Жыл](#) аясында ауылымыздың үш қарт отбасына ерікті түрде азық түліктермен және техникалық тұрмыстық заттармен көмек ұшын беру.

Өту барысы

«Қарттары көп ел қазыналы ел» бұл танымдық сағатымызды сынып болып ақылдаса келе, ерікті болып, ауылдың осал қарт отбасыларына қолдарымыздан келгенше ақылдаса келе, ата-аналарымыздың көмегімен әр үш отбасыға керек жарақтарын жинауға крістік. Бағытжанова Жансұлу 5 кг секер, 250 грамм шай, Сүндетова Мадина күріш, әр қайсысына 10 маска, Нұрашов Ерасыл 2кг картоп, 2кг жуа, тары Сәрсен Нұрбақыт шай, сары май, шемішкі май және мектеп тәлімгері Тюрина Фазила сабын және техникалық жуғыш заттармен көмек ұшын берді. Барлық жиналған заттарды үш қорапқа салып, Тәуелсіздіктің 30жылдық эмблемасын жабыстырып, үш қарт отбасыға таратып шықтық. Бұл еріктілік жасаған ісіміз аз да болар, бірақ та қолымыздан келгенде қол ұшымызды беріп, қарт отбасылардың қалжағдайларын біліп, оларды мерекемен құттықтап, кішкене болса да көтеріңді көңіл күй сыйлағаны үшін білім алушылар өте риза болды. Жақсылық жасауға да ұмтылған балалар, олар елін де, ауылында, одан да маңызды үлкендерді де сыйлайды деген ой түйдім. Еріктілік шарамыз өз деңгейінде өтті. Қолдау көрсеткен ата-аналарға алғысымыз шексіз.



Тақырыбы: «Ы.Алтынсарин-ұлы тұлға»

Өтілу күні: 17.11.2021

Есбол орта мектебінде Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл толуына орай Ы.Алтынсаринның өмірі, шығармашылығы, ағартушылық қызметі туралы айтып білімдерін тереңдету. «Қазақ хрестоматиясы» мазмұнымен таныстыру. Әңгімелеріне талдау жасау Оқушылардың ауызша және жазбаша тіл мәдениетін қалыптастыруға, шығарма мазмұнын аша білу қабілетін дамытуға ықпал ету. Оқушылардың әдебиетке, Ыбырай шығармашылығына деген сүйіспеншілігін ояту, еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу мақсатында қазақ халқының аса көрнекті ағартушысы, жаңашыл педагог, жазушы, қоғам қайраткері Ыбырай Алтынсариннің туғанына 180 жыл мерекесіне орай 9-сынып жетекшісі С.Қоржықбаева "Ыбырай Алтынсарин-ұлы тұлға" тақырыбында сынып шарасын өткізді

🔄□ Шара сурет салумен басталды. Білім алушыларға берілген қима қағаздардағы суретті салғанда мектеп суреті шықты. Мектеп суретінің бүгінгі шара тақырыбына байланыстылығы оқушылардан сұралды. Оқушылар сыни ойлана отырып Ыбырай Алтынсарин атамызбен байланыстырды.

🔄□ Жаңаша әдіс тәсілдерді қолдана отырып, білім алушыларға Ыбырай Алтынсариннің өмір жолы мен шығармалары туралы мол мағұлматтар берді. Шара мектеп сөзімен басталып, рефлексия мектеп макетін пайдалану арқылы аяқталады



Тақырыбы: «Сүйіспеншілік адамның басты қасиеті ,ақиқат оның негізі дұрыс әрекет- оның шынайы өмірі»

Уақыты:23.11.2021

Қатысушылар саны: 10

Мақсаты: Оқушылардың білімдік дағдысын қалыптастыра отырып, адамгершілік бағытын жетілдіру арқылы сөйлеу тілін дамыту, адамгершілік қасиеттерін шыңдау. Әр ортада өздерінің жан-жақтылығын жетілдіру, таныту, толеранттылыққа баулу. Оқушылардың бойына рухани адамгершілік қасиеттерді ұялату үшін мейірбан, ақылды, шыншыл, қайырымды т.б адамдық асыл қасиеттерді игеруге ықпал ету. Бірін-бірі сыйлап, мейіріммен қарауға тәрбиелеу.

Өтілу барысы: Сүйіспеншілік сөзінің кең мағынасында ашып, таныстыру мақсатында оқушыларға бейнеролик көрсетіліп, әр оқушы алған әсерлерімен бөлісе отырып өз ойларын білдірді.

«Тұрғындар мен үйлер» деп аталатын әдіс арқылы топқа бөліп, оқушыларға сұрақтар қойылды және оқушылар қойылған сұрақтарға жан жақты жауап бере алды.

«Жақсы немесе жаман қасиеттер» тренингі өткізіліп, оқушылар өз бойларындағы бір жағымды , бір жағымсыз қасиеттерді айтып өтті.

Бүгінгі шара қорытындысы бойынша әр адамының ойына құнды ой салардай мәселелер қозғалды. Біз ешкімге кінә артпаймыз, мін тақпаймыз, тек бәсекеге қабілетті ұрпақты қалыптастыра отырып, олардың ой – пікірлерін ашық айтқызу арқылы өзін – өзі тануын, өз жан қазынасына үңілуін таразыладық .



Тақырыбы: « Қылмыс және жасөспірім»

Сыныбы: 8

Сынып жетекшісі: Л.Нургалиева

Күні: 30.11.2020 ж.

Бағыты мен өзектілігі: « Қылмыс және жасөспірім» ашық тәрбие сағаты қойылды.

Сыныпқа жалпы сипаттама: Барлығы 10 оқушы, қатысқаны 10 оқушы.

Құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін оқушыларға түсіндіру, Құқықтың тәрбиенің, жігердің қоғамда маңызы зор екендігін түсіндіріп құқықтық сауатқа тәрбиелеу, өз ойларын еркін айтуға үйрету.

Тәрбие сағаты слайд арқылы жасөспірім қылмыстарының шығуы және алдын алуы туралы мағұлмат берілді. Сонымен қатар, сұрақтар қойылып, бейнебаян көрсетіліп, постермен жұмыс жасалып, ситуациялық сұрақтар қойылып, мақал- мәтелдер жалғасын тапты. Тәрбие сағаты өз мақсатына жетті.



Тақырыбы: «Ұлттық тәрбие-ұлағат көзі»

Күні: 3.12.2021ж

Оқушылар саны: 4

Мақсаты: **Оқушылардың ұлттық тәрбие туралы көз қарастарын дамыту, күбір астында жатып қалған дағды жандандыру:**

.Өту барысы

«Ұлттық тәрбие-ұлағат көзі» ұлттық тәрбиені маңызы мен қазіргі бала тәрбиесіндегі отбасылық жағдайлар туралы ой қозғау мақсатында, үш бөлімнен ұйымдастырылды. Осы жоспарланған шараға қонақтарға уатсап месенджер арқылы шақыру билетін жазып жібердік. Ойдағыдай шарамызға шақырған қонақтар күткеніміздей келіп, өздерінің ойларымен бөлісті. Ең алдымен барлық қонақтарды қазақтың ұлттық дәстүріне сай дастарханға отырғыздық. Шараны мектептің белсенді оқушысы Сүндетова Мадина жүргізді. Бірінші бөлімі бейне жазба қарап, сол төңірегінде әңгімелестік, содан соң сұрақтар шеруі бөлімінде, оқушылардың өздерін дайындаған сұрақтарын қонақтарға қойып, көптеген жақсы мәліметтер мен ұлттық құндылықтарға толы ақпараттар алды. Үшінші бөлімінде еркін әңгімелесу болып, ұлттық салт дәстүр, әке тәрбиесі, ұлттық жәдігерлер, ою ою нақышы, ұлттық код туралы әңгімелер білім алушыларға жақсы әсер қалдырды. Қарағөз апа киізге салатын оюды ойып беріп, қалай ойылатынын, және киізге қалай орналасатынын айта кетті. Танымдық сағаттың соңғы жағында, ауылымыздың қастерлі ақын апамыз Тазира апа өзінің шығарған шығармашылығын оқып берді. Танымдық сағат соңы Сәлімжан ата білім алушыларға батасын беріп, ұлттық тәрбиелі үлкен азамат болуына ықылас ниетін білдірді. Танымдық сағат өз деңгейінде өтті.



Тақырыбы:

«Үлге тұтар-ардақтылар» мектеп ардагер ұстаздарымен кездесу

Өту орны: мәжіліс залы

Күні: 9.12.2021

Мақсаты: Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 30 жылдық мерекесіне орай еліне білім беру саласында ерен еңбек сіңіріп, халқының мақтанышына айналған ардагер ұстаздардың өмірі мен еңбек жолын көпке үлгі ету мақсатында ұйымдастырылды. Және 30 жылдай Есбол орта мектебінде басшылық еткен Мақаш апайымыздың 70-ке толу мерейтойын мектеп көлемінде атап өту.

Кездесу қонақтары:

1. Бисенова Мақаш
2. Есенғалиев Теміржан
3. Есенғалиева Дамира
4. Орынбасарова Биби
5. Избасова Салима
6. Сабинова Сайлау
7. Рахымғалиева Гүлбаршын

Барлық ардагер ұстаздарға шақыру билеттері жіберіліп, мектепке кездесу кешіне шақырылды.





Мектеп оқушыларынан және ұстаздар болып оң және сол жақта тізіліп тұрып ардагер ұстаздарды қарсы алды..





Ардагер ұстаздарға арнап мектептің ер оқушылары «Ұстазым» әнімен шараны ашты. Және қонақтарға арнап мектеп оқушылары мен мұғалімдерінің концерттік бағдарламасымен жалғасын тапты.



Мектепке келген жас мамандар ардагер ұстаздарға арнап көкейлерінде жүрген сауалдарын қойып, еңбек жолдарына тәжірибе жинақтады.



Шара соңында Есбол орта мектебінің уақытша мектеп директорының міндетін атқарушы Е.Қозыкешов сөйлеп, қонақтарға арналған сый-сияпаттарын табыс етті.



Тақырыбы: «Темекі – зиянды зат»

Өткізілу түрі: танымдық шара

Сынып:7

Сынып жетекшісі: Д.Беріков

Мақсаты: Оқушыларды зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстауға, салауатты өмір салтыг сақтауға, темекі шегудің денсаулыққа қауіпті екендігі туралы мағлұмат беріп, ойларын ашық айтуға үйрету, шығармашылық белсенділіктерін дамыту.

Сынып сағатының түрі: Пікірлесу Көрнекілігі: Салауатты өмір салты туралы қанатты сөздер жазылған презентация, компьютер слайды, темекінің зияндығы туралы жинақтар.



Тақырыбы: «Ұлы дала мұрагерлері»

Уақыты: 13.12.2021 жыл

Қатысушылар саны: 13

Қатысуға тиіс: 16.

Сыныбы: 3

Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласын оқушыларға таныстыру мақсатында «Ұлы даланың мұрагерлері» тақырыбында 3 сыныбымен өнеге сағаты өткізілді. Қазақ елі, Мәңгілік Ел, Ұлы Дала елі деген киелі ұғымдарды ұрпақ санасына сіңіріп, уақыт көшімен қилы дәуірді бастан өткерген халқымыздың өткені мен бүгіні туралы мағұлмат беру. Елбасы «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласында ұлттық болмысымызды сақтап, тарихымызды жаңғырту жайына кеңінен тоқталған. Әсіресе жас буынды ұлттық тәрбиемен сусындату керектігі жазған. Өнеге сағатында оқушылар топқа бөлініп «Ұлы даланың жеті қыры» туралы ойларын қағазға түсіріп, өз ойларын ортаға салды

Онда топқа бөлінген оқушылар өз ойларын сурет арқылы көрсетті. Әсіресе алма мен қызғалдақтың барын айтып өтті. Осы жемістің тарихи символы ретінде еліміздің оңтүстігіндегі Алматы қаласы екенін білетіндерін айтты.

Қорыта келе Елбасы мақаласынан әрбір азамат туған жерінің тарихын білуге, құндылықтарын қастерлеп, дамуына өз үлесін қосу қажет екендігін білді. Қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақтаған мол тәжірибесі, танымдық мұрасы мен дүниетанымы, салт-дәстүрі, әдет-ғұрыпы, өлең-жырлары, ұлттық ойындары, музыкалық мұрасы, аспаптары баға жетпес асыл қазынасы екенін айта отырып, тарихты әрі рухани байлықты сақтауымыз керек.



Тақырыбы: "Ұлттық код: Ұлттық тәлім-тәрбие"

Күні: 22.12

Қатысушылар саны: 14

Қатысуға тиіс: 14

Қатысқаны: 5-сынып

Мақсаты: Оқушылардың бата жайлы алған білімдерін толықтыру. Тақырыпқа байланысты жүйелі түрде іздену, бата түрлерін ажырату, тың материалдар жинау арқылы оқушылардың ойын дамытып, белсенділігі мен қызығушылығын арттыру. Батаны өмірде қолдана білуге, бата беріп үйренуге баулу, имандылыққа, салт-дәстүрді дәріптеуге тәрбиелеу.
Күтілетін нәтиже: Оқушыларды ұлттық салт-дәстүр үлгісіне тәрбиелеу.

Жеткен нәтиже: Оқушылар бойларындағы құнды қасиеттерді ажыратып, өз бойларында бар екендігімен мақтана алды.

Түйін: Рухани жаңғыруды өзімізден бастаймыз



Тақырыбы: Адал «Friends»

Сыныбы: 8

Сынып жетекшісі: Л.Нургалиева

Күні: 29.12.2021ж

Бағыты мен өзектілігі: Адал «Friends» ашық тәрбие сағаты қойылды.

Сыныпқа жалпы сипаттама: Барлығы 10 оқушы, қатысқаны 10 оқушы.

Адамның бойында болатын достық сезім қасиеттері де қастерлі сезім екендігіне көз жеткізу.

Тәрбие сағаты Шаттық шеңбері өлеңді мәнерлеп оқып бастады. «Адалдық» сөзін топтастырып, адылдық туралы өз ойларын ортаға салды.

Сонымен қатар, адалдық туралы жағдаятпен жұмыс жасалып, сұрақтарға жауап айтып, мақал- мәтелдер, суретпен жұмыс, мүсін ойыны ойнатылды. «Досым» әнін балаларға тыңдатып, сабақ басында берілген көбелектерге сабақ ұнады ма, қандай әсер алды соны жазып, тақтада ілініп тұрған гүлдің суретіне апарып жабыстырады. Тәрбие сағаты өз мақсатына жетті.



«Адал ұрпақ» мүшелерінің жұмысы

Тақырыбы: Адал болу адамға не үшін қажет?

Мақсаты: Адамның бойындағы ұнамды-ұнамсыз қасиеттерді айта отырып, оқушыларды адамгершілікке тәрбиелеу. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы оқушы көзқарасын қалыптастыру.

“Сыбайлас жемқорлық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру; Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу, патриоттық тәрбие қалыптастыру; өз ойларын еркін жеткізе білу қабілеттерін дамыту; дүниетанымдарын кеңейту.



Адалдық — адам мінезіндегі бағалы қасиет; Адалдық - адам бойындағы таза ниет, бағалы қасиет, адамның сана - сезімі мен ар - ұжданына қайшы келмейтін әрекеттердің моральдық - этикалық жиынтығы. Қазақтың адалдық жайында өзіндік пайым - түсінігі туралы Ұлы Абай: «Алдау қоспай, адал еңбегін сатқан, қолы өнерлі қазақтың әулиесі сол», - дейді. Адамгершілік ұжымдық ортада бойына сіңірген тәрбиесіне, біліміне, адал еңбектенуге байланысты қалыптасып, адамның жеке басы мен моральдық тұлғасын сипаттайды.

“Сыбайлас-жемқорлық” деген “параға сатып алу”, “пара” ретінде, "corruptio" деген латын сөзін алып, анықтауға мүмкіндік береді. Рим құқығында сондай-ақ "corruptio" түсінік болған, ол жалпы сөзбен айтқанда “сындыру, бүлдіру, бұзу, зақымдау, жалғандау, параға сатып алу” деген түсінік берген де, құқыққа қарсы іс-әрекетті білдірген. Орыс тілінің түсіндірме сөздігі сыбайлас-жемқорлықты пара беріп сатып алу, лауазымды адамдардың, саяси қайраткерлердің сатқындығы ретінде сипаттайды.

ҚР “Сыбайлас-жемқорлықпен күрес туралы” Заңы сыбайлас-жемқорлыққа келесідей анықтама береді. Ол: “...мемлекеттік міндеттерді орындайтын адамдар, сондай-ақ соларға теңелген адамдар, өздерінің лауазымды құзыреттерін және онымен байланысты мүмкіншілікті немесе өз құзыреттерін басқаша пайдаланып мүліктік пайда алу үшін заңмен қарастырылмаған мүліктік жайлылықты және артықшылықты қабылдау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалармен аталмыш жайлылықты және артықшылықты оларға заңсыз беруге осы адамдарды парамен сатып алу”.

«Адал ұрпақ» мүшелерінің жұмысы

Тақырыбы: «Біз жемқорлыққа қарсымыз»

Мақсаты: Оқушылар арасында жемқорлықтың алдын алу мақсатында түсінік жұмыстарын жүргізу, мәлімет беру. Өз көзқарастарын білдіріп, дүниетанымдарын кеңейту.
Өз мемлекетіне жауапкершілікпен қарау және әділдікке тәрбиелеу.

Өту барысы: Есбол орта мектебінің «Адал Ұрпақ» клубы мүшелері Самат.Ә мен Абатұлы .Ж 5-7 сынып оқушыларының арасында «Біз жемқорлыққа қарсымыз» тақырыбында сурет салу байқауын өткізді. Байқауға Әділ Бейбіт, Ерболқызы Гүлбақыт, Оңайша Гүлжан, Алпысұлы Ерсұлтан, Бағытжанова Гүлжанат, Әлібекқызы Дана қатысты. Бұл байқауда оқушылар жемқорлық туралы өз ойларын қағаз бетіне түсірді. Бағытжанова Гүлжанат және Оңайша Гүлжанның суреттері жүлделі болып танылды.



«Жалын» дебат клубы
«Құқық бұзушылық және жасөспірім» тақырыбында
өткізілген пікірталас

20.01.2022 жыл Есбол орта мектебінде Ұшқыр ой дебат алаңында «Құқық бұзушылық» атты пікірталас болып өтті.

Мақсаты: Белгілі бір фактілерді зерттеуге, болжауға, жүйелеп сөйлеуге, өз көзқарасын ашық та жүйелі етіп дәлелдеуге және өз бағытын дұрыс ұсынуға жетелеу;



Тақырыбы : «Құқық бұзушылық және заңдық жауапкершілік»

Күні:21.01.2022жыл

Оқушылар саны:4

Мақсаты:Білім алушылардың жасөспірімдер арасында құқық бұзушылық салдарының алдын алу, ситуациялық сұрақтар туралы өз ойларын айтуға дағдыландыру;

Түрі: Дөңгелек үстел

Дөңгелек үстел қонақтары: құқық пәні мұғаліміТұрғанбаеваГ, әкелер қоғамы жетекшісі Жексенқұлов Е, Зинуллина М С

Өту барысы

Дөңгелек үстел сынып бөлмесінде ұйымдастырылды, Тұрғанбаева гүлмира баяндама оқып, білім алушыларға өз құқықтары туралы қысқаша мағлұматтар берілді. Екінші бөлімінде тақтада жабыстырылған парақшаларда жазылған ситуациялық сұрақтар талқыланды. Білім алушылар кезең-кезеңмен ситуациялық сұрақтарды оқып, сынып жетекші қойған сұрақтарға жауап берді. Білім алушылар ішінен белсенді жауап берген Мадина мен Жансұлу. Осы ситуациялық сұрақтарға қосымша әкелер қоғамы жетекшісі Жексенқұлов Е пікірін білдіріп, қандай жағдайларда құқықтық жауапкершілікке тартылады, бала құқығы туралы ой пікірін білдірді. Биология пәні мұғалімі Зинуллина М отбасындағы әрбіржағдаяттың бала өмірі мен болашағына әсері болатындығы туралы пікірін білдірді. Дөңгелек үстел соңында құқық тану пәні мұғалімі Тұрғанбаева г өз отанымыздың конституциялық баптарымен , оның ішінде ата-ана және бала міндеттеріне тоқталып өтті. Дөңгелек үстел жоспарланған ойдан шықты.



Білім алушылардың арасындағы нашақорлықтың алдын алу бойынша

Есбол орта мектебі бойынша жоспарланған шаралар

Есірткі заттарының, ішімдік ішу мен темекі тартудың, нашақорлықтың жас ағзаға тигізер зиянды әсері, өкінішке ұрындырар, келешек өмірлеріне келтірер кесепаты туралы түсінік беру мақсатында Темірханова Маринаның ұйымдастыруымен 5-7 сынып оқушылары арасында **«Есірткісіз болашақ»** тақырыбында суреттер акциясы болып өтті. Шараға 5-сыныптан Оңайша Гүлжан, 6-Аманжол Нұрсая, Алпысұлы Ерсұлтан, 7-сыныптан Хасанов Жанарыс, Фазыл Рамазан белсене қатысты. Оқушыларға бейнеролик көрсетіліп, оқушыларға сұрақ қойылды. Оқушылар өз ойларын еркін жеткізе білді. Соңында оқушылар сурет салу арқылы нашақорлықтың не екенін есірткінің зияны мен зардаптарын ажырата білді.



Мектеп тәлімгері Ф.Тюринаның ұйымдастыруымен **«Нашақорлық және құқық бұзушылық»** тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттері таныстырылып, құқық бұзушылыққа тікелей зиянды жат нәрселердің әсері болатындығын тапсырмалар орындау барысында көз жеткіздірілді.



«Балаңызды жат әдеттерден сақтаңыз» тақырыбында ата-аналар комитетінің төрайымы Есенаманова Актоты ата-аналармен бірлескен семинар өткізді.

Семинарды ата-аналарға сәттілік тілеп, жаман әдеттер туралы қысқаша мағлұмат беріп өтті.

Ата-аналарға видеоролик көрсетіліп, сол төңірегінде өз ойларын ортаға салды. Ата-аналар темекінің зияны туралы, есірткінің зияны туралы постерлер қорғап, өз ойларын қағаз бетіне түсірді. Әр топқа мақал-мәтелдер таратылып, мағынасын сурет арқылы жеткізді. Ата-аналар суреттерін бір-біріне алмастырып, мақалдың мағынасын айтты. «Кім жылдам?» ойыны арқылы ата-аналардың көңілін көтеріп, сергітіп алдық. Әр ата-аналарға әріптер таратылып, сол әріптен басталатын сұраққа жауап берді.

Семинар соңында ата-аналар комитетінің төрайымы «Ащы пияз» аңыз әңгімесі арқылы семинарды қорытындылады. Стикерлер таратылып, балаларымызға арнап тілектер жазып, ағашқа ілді.



Мектеп психологі Э.Саликованың ұйымдастыруымен «Нашақорлықтың салдары» тақырыбында тренинг ұйымдастырды. **Мақсаты:** Жас ұрпақтың ЖҚТБ туралы білімдерін тиянақтауға, салауатты өмір салтын ұстанудың пайдасы туралы білім алуға жағдай туғызу

«Жағымды жаңалық» тренингімен сабақ басталып, оқушылар өздерінің жағымды жаңалықтарымен бөлісті. Оқушыларға «Есірткінің зияны» бейнебаяны көрсетіліп, слайд арқылы нашақорлық жөнінде мағлұмат берілді. Оқушылар мұқият тыңдап, сұрақ берілген уақытта өз ойларын ортаға салып отырды. Кейін оқушылар нашақорлықтың салдарына байланысты топқа бөлініп, постер қорғады.



Биология пәні мұғалімі мен мектеп медбикесі Г.Нұрымова екеуі «Team teaching» әдісімен **«Өз өміріңді қорлама»** тақырыбында ашық сабақ болып өтті. Мұғалім зиянды заттарды қабылдау адам өміріне зиян екендігін, нақты дәлелдер арқылы түсіндіріп өтті. Содан соң мектебіміздің медбикесі зиянды заттардың қандай ауру туғызатыны туралы қосымша мәлімет берді. Осы тақырыпта оқушыларға яғни әр топқа әртүрлі тапсырма берілді. «Рөлдік ойын» нашакорлықтың зияны, «Жоба қорғау» темекінің зияны, «Сен білесіңбе? айдары алкогольдің зияны. Тапсырманы орындап, оқушылардың шығармашылық , ойлау қабілеттері дамыды. Темекінің өкпеге зиянын көрсету үшін тәжірибе жасалды.



Дене тәрбиесі пәні мұғалімі Д.Беріковтің ұйымдастыруымен **«Жат әдеттен-спортқа»** тақырыбында волейболдан жарыс өткізді. Жарыстың мақсаты: оқушыларға салауатты өмір салтын ұстанып, дені сау тұлға болып қалыптасу. Волейбол жарысына мектеп оқушылары 3 топ қатысты. Спорттық сайыс тартысты өтіп, бәсекеде оқушылар бар шеберліктерін ортаға салды. Сайыс екі кезең бойынша өтіп,

жеңімпаздар да анықталды. 9-сынып оқушылары жеңімпаз атанып, 1-ші орынды иеленді. 2-ші орын 10-сынып оқушыларына бұйырса, 8-сынып оқушылары 3-ші орынды қанжығалады. Жеңімпаздарға арнайы алғыс хаттар мен сыйлықтар табысталды.



«Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде»

«Есірткіден есіруді көздегенше, салауатты салтымыздан қол үзбе»

Төтенше жағдай алдын алу бойынша

Тақырыбы: Өз қауіпсіздігінді сақта

Өткізілген күні: 15.09.2021

Мақсаты: Оқушыларға төтенше жағдайдың алдын алу бағытында жоспарлы жұмыс жүргізілу барысын түсіндіру, оқушыларды оқыс оқиғалардан, төтенше жағдайлардан қорғану жолдарымен таныстыру

Қатысқан сынып: Барлық оқушылар

Нәтижесі: Алғашқы әскери және технолоия пәні мұғалімі Ә.Қуанышов мектеп оқушыларымен олардың ғимараттағы қауіпсіздігін сақтау барысында және төтенше жағдайлар орын алған кезде өз қауіпсіздігін қалай сақтау керектігі жөнінде түсінік жұмыстары жүргізді. Оқушылар шараға жауапкершілікпен қатысып, мұқият тыңдады. Шара барысында ғимарат ішінде орналасқан қосалқы есіктер, дабыл қағылған кезде ғимараттан шығып кету, өрт сөндіру құрылғыларының орналасқан жері жөнінде түсінік жұмыстары жүргізіліп, айтылды. Оқушылардың түсініктерін молайту мақсатында оқушыларға тақырып бойынша сұрақтар қойылып, оқушылардың өзара пікірлері тыңдалып, жауаптары нақтыланды.



Қорытынды: Қатысқан оқушылар төтенше жағдай кезінде ғимараттан шығып кету жолдарын, өрт сөндіру құрылғыларының орналасқан жерін, оларды қолдану жолдарымен танысып, өз пікірлерін де ортаға сала білді.

Тақырыбы: Өрт сөндіру құралдарын қолдану жолдарымен танысайық

Өткізілген күні: 13.10.2021

Мақсаты: Оқушыларға өрт сөндіру құралдарын қолдану жолдарын таныстыру, дабыл болған жағдайда өрт сөндіру құрылғыларын пайдалануда өз өзін ұстау ережелерін түсіндіру, қоғамға пайдасын тигізуге, бойында патриоттық сезімін қалыптастыруға тәрбиелеу

Қатысқан сынып: 9-11 сынып оқушылары

Нәтижесі: Жоғары сынып оқушыларымен ғимаратта өрт болған жағдайда өрт сөндіру құрылғыларын пайдалану жолдарын таныстыру жұмыстары жүргізілді. Өрттен адамдарды құтқаруға, материалдық және табиғи байлықтарды қорғап қалуға арналған техникалық құралдар өрт сөндіру құрылғылары деп аталады. Өрт сөндіру техникасының негізін өрт сөндіру машиналары (өрт сөндіру автомобилі, өрт сөндіру пойызы, өрт сөндіру кемесі, өрт сөндіру ұшағы мен тікұшағы) құрайды. Өртенген жерлерге от сөндіргіш заттар шашуға арналған өрт сөндіргіш орнықты қондырғылар, өрт сөндіргіштер, өрт гидранттары, т.б. өрт сөндіру құрал-жабдықтары Өрт сөндіру техникасы қатарына жататыны оқушыларға айтылды. Мектеп ішінде орналасқан өрт сөндіру құрылғылары жөнінде түсінік жұмыстары жүргізіліп, оқушыларға таныстырылды.



Қорытынды: Қатысқан оқушылар төтенше жағдай кезінде ғимараттағы өрт сөндіру құрылғыларының орналасқан жерін, оларды қолдану жолдарымен танысты.

Тақырыбы: Төтенше жағдай кезінде көрсетілетін алғашқы көмек

Өткізілген күні: 17.11.2021

Мақсаты: Оқушыларға төтенше жағдай кезінде жарақат алғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек түрлерімен таныстыру

Қатысқан сынып: 9-11 сынып оқушылары

Нәтижесі: Мектеп медбикесі Г. Нұрымова Жарақат алудағы алғашқы көмекті жүргізу жолдарын әр адам білуі тиіс барлық мәліметтермен таныстырды. Жараланудың барлық түрінде де қан тамырларына зақым түседі. Соның салдарынан көбіне денеден қан шығатынын байқаймыз. Жарақат кезіндегі зақымдалған тамырлардан қанның ағуы **қан кету** деп аталады. Оның болымсыз және күшті әсері өмірге қатерлі болуы мүмкін екендігі айтылып, оқушыларға мұндай жағдайда көрсетілетін көмек түрлерін мысал ретінде тәжірибе жүзінде көрсеттік. Оқушылар қызығушылықпен қатысып, өмірлеріне қажет екендігін түсіне білді.



Қорытынды: Қатысқан оқушылар төтенше жағдай кезінде жарақат алған кезде өзіне және қасындағы жарақаттанған адамға алғашқы көмекті өзі де көрсете алатындығымен танысып, құнды мағлұматтар ала білді.

Тақырыбы: Төтенше жағдай кезінде көрсетілетін психологиялық көмек

Өткізілген күні: 22.12.2021

Мақсаты: Оқушыларға төтенше жағдай кезінде көрсетілетін психологиялық көмек жөнінде түсінік беру, жадынамалар тарату

Қатысқан сынып: 9-11 сынып оқушылары

Қатысушылар саны: 14

Нәтижесі: Мектеп психологі Э.Саликова Әрбір адам төтенше жағдайға тап болған кезде күйзеліске түсіп, мінез құлқында ауытқушылық байқалып, психологиялық көмекке душар болатыны туралы айтып өтті. Егер, қасыңызда төтенше жағдай факторларының (терроризм, авария, өрт, үсікке шалыну, жарақат алу, туысынан айырылу, қайғылы хабар алу және т.с.с.) әсері нәтижесінде психикалық жарақат алған адам болса: Сабырлы болу қажеткендігі атап айтылды. Зардап шегушінің іс-әрекеті Сізді қорқытып немесе таң қалдырмау керек. Оның жағдайы, әрекеті, эмоциясы – бұл қалыптан тыс жағдайға оның қалыпты реакциясы екендігі де түсіндіріліп, оқушыларға жадынамалар таратылды. Оқушылар қызығушылықпен қатысып, өмірлеріне қажет құнды мәлімет екендігін түсіне білді.



Қорытынды: Қатысқан оқушылар төтенше жағдай кезінде психологиялық жарақат алған кезде өзіне және қасындағы адамға психологиялық көмекті өзі де көрсете алатындығымен танысып, құнды мағлұматтар ала білді.

Тақырыбы: Төтенше жағдай кезінде ғимараттан қалай шығады?

Өткізілген күні: 26.01.2021

Мақсаты: Оқушыларға төтенше жағдай кезінде ғимараттан шығатын қосалқы есіктер жөнінде ақпарат беру

Қатысқан сынып: 9-11 сынып оқушылары

Нәтижесі: Алғашқы әскери және технологиялық дайындық пәні мұғалімі Ә.Қуанышов Төтенше жағдай орын алған кезде ғимарат ішінде әр адамның өз қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында қосалқы есіктерді пайдалану керектігі жөнінде айтып өтті. Ең бірінші оқушыларға 11-сынып оқушысы Кеңесбай Інжу төтенше жағдай орын алған кезде өзінің қауіпсіздігін қалай қамтамасыз ететіні жөнінде түсінік жұмыстарын атап, баяндама оқыды. Және өрт сөндіру құрылғысын пайдаланғанда неден бастау қажеттігі жөнінде сөз қозғалып, қосалқы есіктен шығу жолдары түсіндірілді. Қосалқы есіктер мектепте екінші қабатта фойеде және бірінші қабатта акт залында, спорт залда, құжырада орналасқандығы жөнінде айтылды. Екінші қабаттағы қосалқы есіктен шығу жолымен оқушылардың өздерін түсіріп қарау арқылы таныстырылды.



Қорытынды: Қатысқан оқушылар төтенше жағдай кезінде қосалқы есіктен шығу жолдарымен және өздерінің қауіпсіздіктерін қалай қамтамасыз ету керектігімен танысып, мағлұматтар ала білді.